«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

11.07.18 № 02-09/1572

«ШвейПром» ЖШС
Алматы обл, Талгар ауданы, Бесагаш селосы, АКНМ 11. Тел 87780008919.
Cakoo_1989@mail.ru.

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 25.06.2018 жылғы №17342 *(веб-порталмен келіп түскен)* арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* жаряилаған № 2580523-1 санды «Киім тігу жұмыстары» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер келесідей негіздермен өз дәлелін таппады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының *(бұдан әрі - Қағида)* 85-1 тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабы 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 150-тармағының 1-тармақшасында әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына не болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа жіберілмейді деп нақты көрсетілген.

Ұйымдастырушы тарапынан бекітілген конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім

берушілерде шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде наличие раскройного оборудования, плоттер для нанесения логотипов и покраской ткани және жекеменшік немесе жалға алынған ғимаратқа ие болуы көрсетілген.

Камералдық бақылаумен анықталғаны конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан, «Алайда, конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан «ШвейПром» ЖШС-нің конкурстық өтінімін бойынша плоттерді жалға алу келісім шарты тіркелмеген деген себеппен конкурсқа қатысуға жібермеуі негізді болып табылады.

Сонымен қатар, біліктілік туралы мәліметте жекеменшік немесе жалға алынған ғимараттың болуы туралы конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасында көрсетілмеген.

Бұдан басқа, Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталып, Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті шара қабылдау үшін Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз түсіндіріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

Орын. Е.Башағулов.